

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖӘНЕШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Ильсова Г.А., з.э.к., профессор

Оспанова М.Н., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің магистранты

Табиғат – бүкіл әлем. Табиғат – адамның өмірсүретін ортасы. Адам табиғатта өмірсүреді, онымен тұрақты қатынаста болады. Табиғат-Ананы аялап, оны келер ұрпаққа жеткізу – ел болашағын ойлайтын кез келген жанның азаматтық парызы. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделгендей, адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Табиғи ресурстар материалдық өндірістің өсуіне нарықтық қатынастардың одан әрі дамуына және жетілдіріле түсуіне ықпал жасайтын өндірістік күштердің құрамды бөлігі болып табылады. Табиғатпен өзара қарым-қатынас жасап, саналуан іс-әрекетке бара отырып, адамдар оған бір жағынан ықпал етеді, яғни оны өзгертеді, сондай-ақ оны қайта өзгерту барысында өзі де өзгерістерге ұшырайды. Осыған орай, табиғи ресурстарды өте көп мөлшерде шаруашылық мақсатқа пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін теріс зардаптары мен залалдарына зиян тигізуге және табиғи байлықтарды молайту жөнінде қамқорлық жасау міндеті туындайды. Табиғатты тиімді түрде үнемді пайдалану және оны қорғау шаралары, оның ресурстарын пайдалану кезіндегі тепе-теңдікті белсенді түрде сақтау, қоршаған табиғи ортаны жақсарту, ал бұл талаптар бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру жөнінде шараларды жүзеге асыру қажеттігін туындатып отыр.

Қазақстан Республикасы Президент Н.Ә. Назарбаевпен Қазақстанның әлемнің 50 бәсекелесілік қатарына кіру Стратегиясында белгіленген жаңа тарихи фазаға қадам басты. Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу механизмі тұрақты дамуға ауысу болып табылады, яғни экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үдерістер тепе-теңдігі болуы қажет. Қазақстанның табиғаты – бізге алдыңғы ұрпақпен берілген үлкен құндылық. Елдің табиғи байлығын сақтау, тұрғындардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту үшін табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыруымыз, халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуіміз қажет.

Қазірде әр мемлекеттің негізгі проблемаларының қатарында экология мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Әсіресе, Қазақстан Республикасы үшін бұл маңызды проблема. Себебі, халықтың тұрмыстық әл-ауқаты жақсарғанымен, халықтың әлі де болса денсаулығы зардап шегуде. Қоршаған орта тазалығының қолайлы болуы – халықтың денсаулығы мен өмірсүру ұзақтығы үшін маңызды.

Қазақстанда жинақталған қатты тұрмыстық қалдықтардың жалпы көлемі 100 млн. тоннаға жуық, бұл ретте, жыл сайын тағы да 5-6 млн. тоннаға жуық ҚТҚ жинақталады. 2025 жылға қарай бұл цифрлар 8 млн. тоннаға дейін өсуі мүмкін, бұл ретте, пайда болатын қалдықтар полигондарға алдыналасұрыпталмай және залалсыздандырылмай орналастырылады [1; 53-57]. Оның бір қатар себептері бар. Алдымен экономикалық себептерді қарастырайық. Мысалы, Алматы мен Астана қалаларында тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыттар іске қосылғаннан кейін тариф мәселесі пайда болды. Олардың мөлшерлері, өкінішке орай, шығындарды жабу мен инвестицияларды тиісінше жабуға жеткіліксіз болып шықты. Сонымен қатар ҚТҚ секторында көрсетілетін қызметке қаражаттың жиналуы сумен қамтамасыз ету және электр энергетикасы саласындағы 95%-дан 100% арасындағы қаражаттың жиналуынан әлдеқайда төмен кенініп өткен дұрыс. Негізінде халық коммуналдық төлемдерді төлейді. Сумен қамтамасыз ету бойынша елдегі жағдай барынша тұрақты, ал енді ҚТҚ секторында, айтқандайын жылумен жабдықтаудағы секілді, осындай жағдайлар орындалуда, қызметті пайдаланушылардың көпшілігі жайдан – жай бұл қызмет үшін ешбір ақша төлемейді. Бұл мәселе өңірлік деңгейде өткір тұрған мәселенің бірі. Өкінішке орай, тұтынушылар сумен және энергиямен қамтамасыз ету қызметіне ықпалмен төлейді, ал ҚТҚ-ны шығаруға төлеу деңгейі тым төмен. Оның үстіне ҚТҚ-ны шығару мен өндеуге белгіленген тариф салыстырып қарағанда аса көп те емес, коммуналдық қызмет үшін төленетін жалпы соманың аз ғана пайызын құрайды.

Осы мәселенің негізінде мемлекеттік органдардың қалдықтармен жұмыс істеу және оларды бақылау қызметін жүзеге асыруда қазір ғалымдар арасында көптеген даулы мәселе болып тұр. Жалпы көптеген елдерде қалдықтармен жұмыс істеуді ретке келтіріп отыратын заң қабылданған. Америкада, Еуропа мен Ресейде осындай құжаттар бар.

Қазақстанның көптеген аудандары, бүгінгі күнге дейін экологиялық мүшкіл хал кешіп отыр. Қоршаған ортаны қорғау шараларына республикамыз біршама мөлшерде мемлекеттік

және орталықтандырылған түрде күрделі қаржы бөліп отыр. Алайда, мұның бәрі, республиканың ұлттық табысының 1 %-на да жетпейді. Табиғат қорғау шараларына бөлінген қаржының 50-60%-дық игеру үлесі, Қазақстанның ірі кәсіпорындарына тиесілі. Экожүйелердегі тұрақсыздық, табиғи шаруашылық қорларының интенсивті түрде игерілуі (мысалы тау-кен өндірісі), жер-су қорларына үстін-үстіне келіп жатқан антропогенді салмақтың жаншып езуі, қоршаған орта жағдайын барған сайын нашарлатуда. Қоршаған ортаны зиянды заттармен, техногенді қалдықтармен ластауда Қазақстанның мына кәсіпорындары ерекше «үлес қосып» отыр: Батыс Қазақстан мұнай газ конденсат кенорындары, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Өскемен титан-магний комбинаты, Лениногор полиметалл комбинаты, Зыряновск полиметалл комбинаты, Жамбыл суперфосфат зауыты, Жамбыл фосфор зауыты, Балқаш тау-кен комбинаты, Жезқазған тау-кен комбинаты, Павлодар алюминий зауыты, Ақтөбехром қосылыстары мен химия зауыты, Екібастұз энергетикалық комплексі, Қарағанды металлургия зауыты, Шымкент қорғасын зауыты, т.б.

Атмосфераны ластағыш заттардан бір ғана мультипликатор — қорғасын ингредиентін мысалға алайық. Қорғасын – политропты у. Оның организмдегі азғантай ғана концентрациясы, ағзалар мен ұлпаларды, қан жүйесін, орталық жүйке жүйесін, иммун жүйесін зақымдап бүлдіреді. Қорғасынның жоғары мөлшері – Өскемен (қорт=2,4 мг/м³), Зыряновск (қорт=1,5 мг/м³), Лениногорск (қорт=2,0 мг/м³) қалаларының атмосфералық ауа құрамында байқалады. Қорғасынның бір қатар мөлшерін тұрғындар су, азық-түлік өнімдері арқылы қабылдайды. Сондықтан да болар, Шығыс Қазақстандықтардың аққанауруы мен науқастанғандар саны көбейіп отыр. Бұл техногенді қалдықтар ұзақ уақыт жатқан сайын, олардағы микроэлементтер зияндылығы қоршаған орта үшін арта түсері дөсөзсіз. Жалпы, бүгінгі күнге дейін, Қазақстандағы түсті металлургия кәсіпорындарының техногенді қалдықтарының мөлшері астрономиялық цифрларға жетіп жығылып отыр: 9,139 млрд. тонна. Республика бойынша қалдықтардың 16,5%-ы Шығыс Қазақстан экожүйесінің үлесіне тисе, бір ғана «Жезқазған түсті металл» өндірістік бірлестігінде — 13,5% қалдық қордаланған (912046 млн.т), ал «Соколов-Сарыбай» өндірістік бірлестігінде қалдықтардың 42,9%-ы жинақталған.

Халықаралық тәжірибелерге сүйенер болсақ, дамыған мемлекеттер тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуден өткізуді дұрыс деп санайды. Мысал келтіретін болсақ, Германияда қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстың 30 пайызы, Жапонияда 30 пайызы, АҚШ-та 27 пайызы, Швейцарияда 25 пайызы қайта өңделеді. Қазақстандағы қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстың 97 пайызы далаға төгіледі. Тек 3 пайызы ғана өртеледі. Бұл ойланарлық жайт болып тұр.

Қайталама қалдықтарды, соның ішінде улы қалдықтарды өңдеудің әлемдік тәжірибесі Қазақстанда қолданылмайды. Қалдықтар арнайы полигондарға жинағыштарға және арнайы қоймаларға жиналады, сөйтіп техногенді қалдықтар жиналған ландшафтылардың көлемі ұдайы өсіп келеді. Қазақстандағы коммуналдық қалдықтардың негізгі бөлігі (95%) кәдеге жаратылмайды, бұл топырақтың, жер асты және жер үсті суларының, атмосфералық ауаның ластануына алып келеді. Қалалардағы тұрмыстық қатты қалдықтарды мезгілінде жинап, залалсыздандырмаса, қоршаған ортаны ластап, бүкіл тіршілікке, оның ішінде адамға зиянды әсерін тигізеді. Германия, Чехиядағыдай тұрмыс қалдықтарын саналы түрде топтастыру тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату мәселесінің оңайырақ шешілуіне жол ашар еді. Ал қазіргі таңда қалалардың маңайындағы ұйымдастырылмаған қалдықтар үйінділері жер бетінің және жер асты суларының ластануының негізгі себепшілерінің бірі болып отыр. Стихиялық қалдықтарды залалсыздандыру мен өңдеу мақсатындағы инфрожүйелерді дамыту, өндірісте пайдаланылған үлкен қалдықтарды екінші қайтара игеруді жүзеге асыру үшін шетелдік тәжірибеге сүйену қажет.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тұрғындарды жұмылдыра отырып сұрыптау жүйесінің болмауы, сондай-ақ арнайы алаңдардың болмауы мен полигондардың шалғайлығы санкцияланбаған үйінділердің өсуіне алып келеді. Қоршалған контейнер алаңдары санының жеткіліксіз болуы, сондай-ақ контейнерлердің тозуы көпқабатты үйлердің айналасында антисанитариялық ахуалдың орын алуына әкеп соқтырады.

Биологиялық ыдырайтын қалдықтар қоршаған ортаға едәуір жүктеме түсіреді, өйткені олар ыдыраған кезде климаттың өзгеруіне әсерін тигізетін үйінді газы пайда болады, биологиялық қалдық шірігеннен пайда болған өнімдер патогенді микрофлораның түзілуіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта биологиялық қалдықтардың бәрі үйінділерге алдын-ала залалсыздандырылмай шығарылады. Қалдықтардың бұл бөлігін кәдеге жарату жөніндегі технологиялық шешімдердің нұсқалары қалдықтардың көлеміне және климаттық жағдайларға байланысты. Түзілетін биологиялық қалдық көлемі ұлғайған жағдайда, сарқынды суларды тазарту кезінде алынатын қалдықтармен (кәріздік тазарту құрылыстарының пайдаланылған активті тұнбасы) үйлестіре отырып, биогаз қондырғыларын

салуға болады, өйткені, пайдаланылған белсенді тұнбаны қауіпсіз әрі тиімді кәдеге жаратудың өзі кәріздік сарқынды суларды тазарту бойынша кәсіпорындардың көпшілігінің алдында тұрған мәселе болып табылады.

Қазіргі кезде Ақтөбе облысы бойынша, АҚ «Ақтөбе хром қосындылары зауыты» аса ірі қоршаған ортаның ластаушысы болып танылды. Еш тазартылмай атмосфераға шығарылатын зауыт шығарындылары 80 %-дан аса газ тәрізді қосындыларды құрайды, оның 60 % көміртегі тотығы. Балхаш ауданында да, Балқаш тау-кен металлургиялық комбинаты (БГМК) АҚ «Қазақмыс Корпорациясы» өндірістік қызметімен байланысты осындай экологиялық жағдай туындаған болатын. Балқаш тау-кен металлургиялық комбинатын «Самсунг Дойчланд ГмбХ» шетел фирмасына сыртқы басқаруға берілген сәттен бастап, атмосфераға зиянды заттар шығарындылар көлемі жылына 300 ден 700 мың тоннаға дейін көтерілген болатын.

Қалдықтармен жұмыс істеу еліміздің облыстарында әлі де болса мемлекеттік реттеу жүргізілу дұрыс жолға қойылмай келеді. Мысалы, Батыс Қазақстан облысы бойынша, арнайы полигондардың болмауына байланысты, 200 тоннадан астам, қауіптілік деңгейі 1-2 класты қалдықтар өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап, әдейі жабдықталған ашық алаңдарда темір ыдыстарда сақталынып келеді. Уақыт өткен сайын ыдыстар жаңартылып отырады. Қоймаларда сақталған қауіптілігі, 3-4 класты қала төңірегіндегі қалдықтар мен тұрмыстық қалдықтар орындарының жойылуына байланысты химикаттар мен тыңайтқыштар сақталатын орындарға бақылаудың болмай қалуы қоршаған орта мен адамдар өміріне қауіп төндіруде. Сонымен бірге, осы уақытқа дейін Байқоңыр ғарыш айлағындағы радиоктивті қалдықтарды сақтау, алаңдағы қалдықтарды сақтау және залалсыздандыру мәселесі өз шешімін таппай отыр. Бұл мәселе де мемлекеттік реттеу жүйесіне өзгерістер әкелуді талап етеді. Дегенмен, Қызылорда облысы бойынша өндірістік және тұрмыс қалдықтарының санитарлық және экологиялық талаптарға сай сақталмауы және орналастырмауы кейбір жағдайларда адамдардың денсаулығына зиянын тигізіп, табиғи ресурстардың ластануына әкеліп соғуда. Қазіргі күні тұрмыстық қалдықтарды шығару және орналастыру жергілікті атқарушы органдар белгілеген жерлерге шығарылуда. Соңғы жылдары аудан орталықтарындағы барлық қатты тұрмыстық қалдықтарды тастайтын полигондар қалпына келтіріліп, жөндеуден өткізілген. Полигондар қоршалып, қызмет үйлері, залалсыздандыру тосқауылы салынып, қалдықтар тастайтын шұңқырлар қазылғанымен, қалдықтарды залалсыздандыруға, сұрыптауға, қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға сәйкестірілген қажетті жабдықтар болмауы қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметіне кедергі болып келе жатыр.

Қолданыстағы Экологиялық кодекстің үшінші тарауынсаралау нәтижесінде көретініміз, біздің елімізде қалдықтарды басқару бойынша арнайы құзіретті органның жоқтығын байқаймыз. Жекелеген өкілеттіктер Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне, ал басқалары жергілікті атқарушы органдарға берілген. АҚШ-та мұндай өкілеттіктер қоршаған ортаны қорғау және қатты қалдықтар бағдарламасын басқару Агенттігі жүзеге асырады. Агенттік табиғат қорғау қызметінде тиімді мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында 1970 жылы құрылған. Агенттік бағдарламалары құрамында – ауа тазалығын бақылау бағдарламасы, қалдықтарды, су, қауіпті материалдарды, сондай-ақ ауық заттарды пайдалану бағдарламалары орындалған.

Агенттіктің қалдықтарды басқару қызметі келесі заңнамаларға негізделеді: Қоршаған ортаны ластауға тыйым салатын Өндіріс қалдықтары туралы 1899 жылғы бірінші федералды Заңы, бірақол заңды күшіне тек 1970 жылы енді; 1965 жылғы қатты қалдықтарды жою туралы Заңы. Аталған заңмен қатты қалдықтарды жою тәсілдері, соның ішінде қоқыстарды, қағазды, металл сынықтарын жою тәсілдерін әзірлеу бағдарламасы енгізілді; 1970 жылғы ресурстарды қайта қалыпқа келтіру туралы Заң қатты қалдықтарды жоюды жетілдіру бағдарламасын енгізді. Мұнда қатты қалдықтарды жою бағдарламасын жүзеге асыру өкілеттігі Денсаулық сақтау Министрлігінен Агенттік құрамына өтті.

Күнделікті ортастатистикалық америкалық 2 кг қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарады. Соңғы жиырма жылда әртөбасына есептелген «Тұтынуды азайту. Қайта пайдалану. Қайта өңдеу» (RRR - Reduce, Reuse, and Recycle) атты жалпы ұлттық бағдарламасы жүзеге асырып келеді. Американдықтарды қайта өңдеуге шыны, пластик, қағазды өткізуге ықпал етеді, суды, электр энергиясын, жылуды, т.б. үнемді жұмсауға үйретеді. Федералды билік органдары мұндай бағдарламаларға жыл сайын 35 млн АҚШ долларын жұмсайды. Қалдықтарды жинау мен өңдеуді қалыптастыру индустриясы АҚШ та 1,1 млн жұмыс орынын құруға септігін тигізді.

Францияның қалдықтарға қатысты экологиялық саясатына итар болсақ, Францияның үлесіне жылына 2008 жылғы мәліметтерге сай 31 млн тонна тұрмыстық қалдықтар тиесілі, яғни адам басына шаққанда жылына шамамен 354 килограмм қалдық шығарылады.

Тәулігіне орта есеппен отыз мың тонна тұрмыстық қалдық Франция территориясында орналасқан жүзден аса зауыт қалдықтарды өртеу құрылғыларында өртеледі, ал бұдан жылу түріндегі энергия алынады.

Негізгі мақсат қалдықтарды жалпы шығару көлеміне азайту және бар қалдықтарды кәдеге жарату болып тұр. Францияда үй шаруашылығында қалдықтарды іріктеу басым міндеттердің бірі болды. Бұл мемлекетте пластмассаны және шыныны қайта өңдеу саласында бірталай жетістіктерге жеткен. Қайта өңделген шыны көлемі соңғы он бес жылда екі есе өсіп, қазіргі таңда 61%-ды құрап отыр. 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндірістік кәсіпорындардың иелері олар нарыққа шығаратын қораптық материалдардың жоюын немесе қаржыландыруларын қамтамасыз етулері керек. Францияда қораптық материалдардың 75%-ын қайта өңдеу міндеті қойылған. 2002 жылдан бастап тек қайта өңдеуге келмейтін соңғы қалдықтар ғана қоймалануға рұқсат етіледі [2; 147 – 152].

Франция мемлекетінде 2000 жылы климаттың өзгеруімен күрес бойынша Ұлттық Бағдарламаны қабылдаған, қауіпсіз алауқаттылықты қамтамасыз ету үшін жасыл экономикаға көшкен алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Бұл бағдарлама 2010 жылға дейін парниктік эффектісі бар газдардың тастандыларының деңгейін 1990 жылдың деңгейіне дейін төментуге бағытталған жүздеген шараларды қарастырған еді. Көптеген жылдар бойы бұл мемлекет өзінің территориясында техногендік қауіптердің, сонымен қатар алыс шақырымда трансшекаралық эффектіге алып келетін аймақтардағы қауіптердің алдын алу және реттеу саясатын жүргізіп келеді.

Елімізде «Жасыл Даму» мемлекеттік бағдарламасы шегінде өндіріс пен тұтыну қалдықтарын басқару бойынша Ұлттық орталықты құру жоспарланып отыр. Оның негізгі мақсаты болып – табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіпкерліктің іргесін дамыту, экологиялық инновацияларды енгізу, технологиялық кешен өндірісін салу танылады. Бұл орталық Ұлттық қордың қаражатын пайдалана отырып, қалдықтарды өңдеу саласындағы әртүрлі жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады. Ұлттық қорғау жиналған экологиялық төлемдер мен айыппұлдар «Жасыл даму» орталығына бағыттанып, жобаларды жүзеге асыруға жұмсалады.

Осы тұрғыда, Өзбекстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қоршаған ортаға келтірілетін экологиялық зиянға, экологиялық жауапкершілікке тоқталсақ, Өзбекстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, экологиялық құқық бұзушылық – бұл табиғат қорғау заңнамаларының нормаларын бұзатын, қоршаған табиғи ортаға, сондай-ақ, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін құқыққа қайшы кінәлі әрекет [3].

Экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу нысаны бұл елдің заңнамаларына сәйкес мынадай түрде жүргізіледі:

- а) табиғи түрде (топырақ құнарлығын қалпына келтіру, ормандарды қалпына келтіру т.б.);
- б) шығындарды өндіру бойынша [4; 188].

Өзбекстанда ҚК-қасай, қылмыстық жауаптылыққа қауіпті экологиялық қылмыстарға қолданылады. Айта кетсек, қоршаған ортаны қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын бұзушылығы; экологияны ластау; жануарлар мен өсімдіктер дүниесін пайдалану тәртіптерін бұзушылығы. Әкімшілік жауаптылық үшін айыппұлдар салу және Өзбекстан мемлекетінде ӘКБ Кодексында көрсетілген негіздерде жүргізіледі. Ал Азаматтық кодекс бойынша жауаптылықта табиғатқа зиян келтіру фактісін табиғи немесе шикізат ресурстарын пайдалануға байланысты заңсыз шаралар жасалған кезде орыналады. Еңбек кодексі бойынша жауаптылық еңбек немесе еңбек тәртібі, қызметтік міндеттері экологиялық қылмыстармен байланысты нормалар негізінде көрініс табады.

Осылайша, Өзбекстанда ҚК-нің 204-бабына сәйкес, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұза отырып, оған аса ірі зиян небасқа деелеулі ауырлықтағы салдарларға алып келсе, ең аз көлемдегі елу айлық есептік көрсеткіш те айыппұл төлеу, нақты бір қызметті атқару құқығын бес жылға дейін айыру немесе екі жылға дейінгі мерзімде түзеу жұмыстарына жазаланады. Ал егер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерін қасақана жойып немесе бүлдірсе, елу-ден жазайлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе алты ай қамауда ұстау, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыру жазасына тартылады [5].

Экономикалық дамыған мемлекеттердің табиғатты қорғау заңнамаларында жауаптылықтың әкімшілік, қылмыстық және азаматтық құқықтық түрлері көрсетілген. Әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық нақтылай заң талабын бұзғанда пайда болады. Америка Құрама Штаттарында айыппұл түрінде қолданылатын әкімшілік жауапкершілік азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бір түрі ретінде қаралады, себебі айыппұл сот тәртібі мен алынады. Америка Құрама Штаттарында заңнамасы бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнаманы бұзғаны үшін бір күнге жиырма бес мың доллар көлемінде белгіленген.

Америка Құрама Штаттарында экологиялық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік қоршаған ортаны қорғау заңдарымен, қылмыстық кодекспен реттеледі. Осылайша, Америка Құрама Штаттары заңдарына сай, су, атмосфералық ластау, тұрмыстық және тұрмыстық қалдықтар туралы нақты заң нормасын қасақана бұзушылығы үшін 1 күнге жиырма бес мың доллар мөлшерінде қылмыстық айыппұл салынып, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделіп, не 2-уі деорындалуы мүмкін. Қайта қылмыс жасалған уақытта – 1 күнге елу мың доллар көлемінде айыппұл салынады немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделеді. Америка Құрама Штаттарында қоршаған ортаны ластау, немесе экологиялық қылмыстар жасалғаны үшін қылмыстық жауаптылық заң нормаларын қасақана бұзушылығы үшін көзделеді.

Экономикалық дамыған мемлекеттер заңнамаларында қатаң немесе абсолютті жауапкершілік институты анықталған, яғни жоғары қауіп көзі бар меншік иесінің жауапкершілігі. Англо-американдық құқық бойынша, егер зиян меншікке келтірілсе, бұл институт қолдануға жатады. АҚШ заңнамасы бойынша бұған қатысты қауіпті қызмет критерийі танылады. Заңнамада ережелерді бұзу бойынша қатаң (кінәсіз) жауапкершілік көзделетін қауіпті қызмет түрлерінің тізімі көрсетілген [6].

АҚШ Экологиялық кодексіне сәйкес азаматтардың қауіпсіз қоршаған ортада өмір сүруге деген құқықтарын қорғаудың жиі кездесетін нысаны болып қоршаған ортаны қорғау заңдарының талаптарын бұзу туралы әр азаматтың талап-арыз беру құқығы танылады. Американдықтардың талап-арыздары институтының негізгі ерекшеліктерінің бірі – талапкер өзінен өзгеге жасалған зиянды қалайда өтеп беруді талап ете алмайтығында. «Азаматтар талап-арыздары» институты табиғатты қорғаудың құқықтық тетігіне қоғамның табиғаттың жағдайын бақылау формасы ретінде және жаһандық мағынада азаматтардың экологиялық құқығын қамтамасыз ететін деңгейге жеткізген. Бұл институтты жақсарту мақсатында американдық заң шығарушы бұл бағытта адамдарды іске тартуды материалдық ынталандыру жағынан анықтаған. Соттың шешімімен мемлекет қазынасынан олардың еңбектері үшін ақы төленуі мүмкін.

Адамдардың қауіпсіз қоршаған ортада өмір сүруге деген құқықтарын қорғау жөніндегі шет мемлекеттер тәжірибесін саралай келе және Қазақстан Республикасында сәйкесті тетіктерді жетілдіруде азаматтар мен қоғамдық құрылыстардың Үкімет, мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау бойынша органдары қызметіне ықпал ету және экологиялық заңдардың дамуына байланысты мәселелерді шешуге әсер ету құқығын беруіне назар аудару керек.

Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын-үя бесігі, құт-берекесі. Және табиғатқа аялы алақан, жылы жүрек сезімі, көздің қарашығындай қамқорлық қажет екендігін әрбір жан сезіне білсе, нұр үстінен нұр болары анық. Белгілі жазушы Л. Леонов: “Адам баласының алдында бүгінде бірінші кезектегі екі мәселе тұр: бейбітшілікті және табиғатты қорғау, екеуі де болашақ өмір сүрудің шарты” деген көзқарасына сүйене отырып, табиғатты аялай білгеніміз жөн. “Біздің бәріміз – Жератты бір кеменің жолаушыларымыз” – француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің осынау бейнелі сөзі нақ бүгін ерекше маңызды болып отыр. Ендеше, бұл кеменің жүзусапары сәтті болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істейік, табиғатымызды сақтай білейік деп қорытындылаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамедова, Б. Ж. Алматы қаласының тұрмыстық қатты қалдықтарын экологиялық бағалау [ТекСт] / Б. Ж. Махамедова // ҚР ҰҒА хабарлары / аграрлық ғылымдар сер. /. 2016. № 1. Б. 53-57.
2. Байкушикова Г.С. Еуропалық Одақ шеңберінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Францияның тәжірибесі. ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2013. – №2 (62). – С. 147 – 152.
3. Закон Республики Узбекистан от 9 декабря 1992 г. № 754-ХІІ «Об охране природы» // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30434962#pos=1;-315
4. Холмунинов Ж.Т. Экологическое право. Альбом схем: учебное пособие. – Т.: Академия МВД Республики Узбекистан, 2002. – 188 с.
5. Уголовный Кодекс Республики Узбекистан от 22.09.1994 г. № 2012-ХІІ // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421110
6. Бринчук М.М. Правоохраняющей среды в зарубежных государствах // <http://uristinfo.net/ekologicheskoe-pravo/230-ekologicheskoe-pravo-mm-brinchuk/5868-xxiv-pravo-okruzhajuschej-sredy-v-zarubezhnyh-gosudarstvah.html?start=1>